

**«Ветеринариялық анықтамалар беру»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің паспорты**

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринарлық ұйымдары - аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындары
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Жеке және заңды тұлғалар
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	1) аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК 2) www.egov.kz , www.elicense.kz «электрондік үкімет» веб-порталы
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	Аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін
6	Қажетті құжаттар	Аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК-на жүгінген кезде : «Ветеринариялық анықтамалар беру» стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкес үшін).
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаға тегін көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап жүгінген күн ішінде; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	Ветеринариялық анықтама немесе «Ветеринариялық анықтамалар беру» стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларға және негіздерге сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады
10	Нормативтік-құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 «Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 27 тамызда № 11959 болып тіркелді)
11	Қосымша ақпарат	1) Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасының интернет-ресурсында - vetupravlenie-bko.gov.kz 2) аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК 3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК-дың және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Шағымдану кезде шағым аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК-дың басшысының атына немесе аудандың (қаланың) әкімінің атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда:

жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлға – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» МКК-на келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады немесе қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Электронды өтінішті портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат, бұл ақпарат өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы сотқа жүгінеді.